

**Ауданның мектепке дейінгі ұйымдарындағы балалардың тамағы үшін ата-аналардың ай сайынғы төлем ақысының көлемін бекіту туралы**

*Күші жойған*

Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 29 мамырдағы N 165/5 қаулысы. Павлодар облысы Успен ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 24 маусымда N 12-12-71 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 04 сәуірдегі N 89/4 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 04.04.2014 N 89/4 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасындағы "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Заңының 40 бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауданның мектепке дейінгі ұйымдарындағы балалардың тамағы үшін ата-аналардың ай сайынғы төлем ақысының көлемі 4500 (төрт мың бес жүз) теңге көлемінде бекітілсін.

2. Осы қаулы бірінші рет ресми жарияланғаннан кейін соң 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

*Аудан әкімі*

*Н. Әутәліпов*